

## Ақтөбе облыстық мамандандырылған физика-математикалық мектеп-интернаты бойынша білім беру қызметін өзін-өзі бағалау жұмыстарының қорытындысы

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 59-бабына, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің «Білім беру ұйымдарын бағалау елшешарттарын бекіту туралы» №124 бұйрығына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар туралы» №700 бұйрығына сәйкес Ақтөбе облысының білім басқармасы «Ақтөбе облыстық мамандандырылған физика-математикалық мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2022 жылдың 03-23 мамыры аралығында білім беру қызметін өзін-өзі бағалауы өткізілді.

«Ақтөбе облыстық мамандандырылған физика-математикалық мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің кезектен тыс өткізілген педагогикалық кеңесінің шешіміне сәйкес білім беру қызметін өзін-өзі бағалауды өткізу комиссиясының құрамы төмендегідей құрамда бекітілді:

Мектеп-интернат директоры К.Е.Тлеумагамбетова – комиссия төрайымы  
 Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары К.Ж.Кулымов – комиссия мүшесі  
 Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.А.Есенғұл – комиссия мүшесі  
 Математика пәнінің мұғалімі О.Саржанов – комиссия мүшесі  
 Тарих пәнінің мұғалімі Б.Т.Сагинғалиева – комиссия мүшесі  
 Физика пәнінің мұғалімі Б.Ж.Бозшин – комиссия мүшесі  
 Химия пәнінің мұғалімі А.С.Рамазанова – комиссия мүшесі  
 Педагог-психолог М.К.Истигулова – комиссия хатшысы

Білім беру қызметін өзін-өзі бағалауды өткізу жоспары төмендегідей бағытта жүргізілді және оларға жауапты мамандар тағайындалды:

1. Білім беру ұйымының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары /К.Е.Тлеумагамбетова/
2. Оқытушылық және оқыту /К.Ж.Кулымов/
  - 2.1. Математика пәні бірлестігі бойынша /О.Саржанов/
  - 2.2. Физика-информатика әдістемелік бірлестігі бойынша /Б.Ж.Бозшин/
  - 2.3. Қоғамдық-гуманитарлық әдістемелік бірлестігі бойынша /Б.Т.Сагинғалиева/
  - 2.4. Жаратылыстану және әскери, спорт әдістемелік бірлестігі бойынша /А.С.Рамазанова/
3. Білікті қызметкерлердің болуы /К.Ж.Кулымов/
4. Қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау /С.А.Есенғұл/
5. Білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету /С.А.Есенғұл/
6. Тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база /К.Ж.Кулымов/

### Білім беру ұйымының толық атауы

«Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Ақтөбе облыстық мамандандырылған физика-математикалық мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекенжайы және нақты орналасқан жерінің мекенжайы)**

Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Сәңкібай батыр даңғылы, 74 С ғимараты, индекс 030000,

**Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электронды пошта, веб-сайт)**

телефон: 87132909331, электронды пошта: phys-math.edu@mail.ru

web-сайт: <https://phizmat.edu.kz>

**Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі)**

Мектеп-интернат директоры Тлеумагамбетова Каракоз Енсегеновна

**Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары (жарғының және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің көшірмесі қоса беріледі)**

**Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон).**

### **1. Білім беру ұйымының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары**

Білім беру ұйымының мақсаты – оқушылардың жоғары деңгейлі білім алуын, патриоттық сезімі мен азаматтық парызын қалыптастыру және конституциялық-азаматтық міндеттерін орындау, серпінді дамып келе жатқан ортада өзін-өзі белсендіруге дайын бәсекеге қабілетті тұлғаны және дарынды балалардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

Міндеттері:

- 1) Оқыту бағдарламасын меңгеру мақсатында арнайы жағдайлар жасау;
- 2) Жеке тұлғаның шығармашылық, мүмкіндігін дамыту үшін физикалық мүмкіндіктерін, тұрақты негізін, салауатты өмір салтын қалыптастыру;
- 3) Азаматтық және патриоттыққа, Қазақстан Республикасына - Отанына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерге сыйластыққа тәрбиелеу, кез келген Конституцияға және қоғамға қарсы іс-әрекетке төзімшілдік көрсетпеуге тәрбиелеу.
- 4) Қазақстан Республикасының қоғамдық саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысуға қажеттілікті және өз құқығы мен міндеттеріне саналы көзқарасты қалыптастыру.
- 5) Әлемдік және отандық мәдениетті тануда, тарихты білуге қазақ елінің және басқа да ұлт өкілдерінің салт-дәстүрін білуге, ана тілі, орыс тілі, шет тілін білуге жол ашу.
- 6) Білім басқармасымен білім ұйымының автономдығын кең қолдану, демократизациялау және децентрализациялау;
- 7) Әлемдік, жаһандық-коммуникациялық желіге шығу, білімді ақпараттандыру мен оқытудың жаңа технологиясын енгізу;
- 8) Бекітілген мемлекеттік және авторлық бағдарламаларға сәйкес оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу;

Ақтөбе облыстық мамандандырылған физика-математикалық мектеп-интернатының педагогикалық кеңесі **шешім етеді:**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 59-бабына, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №124 бұйрығына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар туралы» №700 бұйрығына сәйкес Ақтөбе облысының білім басқармасы «Ақтөбе облыстық мамандандырылған физика-математикалық мектеп-интернаты » коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2022 жылдың 03-23 мамыры аралығында білім беру қызметін өзін-өзі бағалауының қорытындысы бойынша **«uzdik»** деп бағалансын.

Комиссия төрайымы

К.Е.Тлеумагамбетова

Комиссия мүшелері:

К.Ж.Кулымов

С.А.Есенғұл

О.Саржанов

Б.Т.Сагингалиева

Б.Ж.Бозшин

А.С.Рамазанова

Педагогикалық кеңес төрайымы

Хатшысы



К.Е.Тлеумагамбетова

М.К.Истигулова